ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 12 наурыз Іс №3313-25-00-2/2183 Талдықорған қаласы

Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты
құрамында:
төрағалық етуші судья Садуакасова М.М.,
сот отырысының хатшысы Ж.С. Баймұқушевтің қатысуымен
ашық сот отырысында азаматтық істі қарап, төмендегіні анықтады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Жетісу облысының төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Есенова» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы;
2. Тұрақсыздық айыбын мемлекеттің кірісіне өндіру туралы.

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор – Самат О.
Талап қоюшының өкілі – Качкарова А.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Жетісу облысының төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесі сотқа талап қоюмен жүгініп, жауапкер «Есенова» жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және тұрақсыздық айыбын мемлекет кірісіне өндіруді сұраған.

Іс құжаттарына сәйкес, мемлекеттік сатып алудың баға ұсыныстарына сұраным тәсілі бойынша қорытындысына сәйкес жауапкер алюминий канистрлерін жеткізу бойынша жеңімпаз болып танылған.

2025 жылғы 20 қарашада тараптар арасында №220740046662/25692/00 мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалып, шарттың жалпы сомасы 300 000 (үш жүз мың) теңгені құраған.

Шарт талаптарына сәйкес, өнім беруші тауарды шарт қазынашылық органында тіркелген күннен бастап 16 күн ішінде жеткізуге міндеттенген, яғни жеткізудің соңғы мерзімі 2025 жылғы 6 желтоқсан болып белгіленген.

Алайда, жауапкер белгіленген мерзімде шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған, яғни тауарды жеткізбеген. Талап қоюшының мәліметінше, 2025 жылғы 22 желтоқсанға дейін тауар жеткізілмеген.

Шарттың талаптарына сәйкес және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сай, міндеттемелерді тиісінше орындамау салдарынан жауапкерге тұрақсыздық айыбы есептелген. Есептеу бойынша, шарт сомасының 0,1 пайызы мөлшерінде бір күнге 300 (үш жүз) теңге құрайды, ал мерзімнің өтуі 20 күн болғандықтан, жалпы тұрақсыздық айыбы 6 000 (алты мың) теңге мөлшерінде анықталған.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап коюды толық көлемде қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады. Прокурор талап коюды қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

Жауапкер сот отырысына келмеді, талап қоюға жазбаша пікір (қарсылық) ұсынбады. Іс материалдарынан онын сот отырысынын өтетін уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланғаны көрінеді, алайда сот отырысына келмеген және келмеу себептерінің дәлелді мән-жайларын сотқа хабарламаған.

Осыған байланысты сот Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 196-бабының 4-бөлігін басшылыққа ала отырып, жауапкердің сот отырысына келмеу себептерін дәлелсіз деп танып, істі іс материалдарында бар дәлелдемелер негізінде оның қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

Сонымен бірге, 2026 жылғы 12 наурыздағы сот отырысында жауапкер қатысып, тауарды жеткізу бойынша өз міндеттемесін орындай алмағанын, шарт талаптарын орындамағанын түсіндірді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 және 2 талаптар бойынша:

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 271 және 272-баптарына сәйкес, міндеттемелер шарттан, зиян келтіруден немесе заңда көзделген өзге де негіздерден туындайды және олар шарт талаптарына және заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай талаптар болмаған жағдайда міндеттемелер іскерлік айналым дағдылары мен қалыптасқан тәжірибеге сай орындалуы қажет.

Іс материалдарынан анықталғандай, тараптар арасында мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған, оған сәйкес жауапкер талап коюшы «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Жетісу облысының төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесіне жалпы сомасы 300 000 (үш жүз мың) теңгеге тауар жеткізуге міндеттеме алған.

Алайда жауапкер өзіне қабылдаған шарттық міндеттемелерін орындамаған, тауарды белгіленген мерзімде жеткізбеген. 2026 жылғы 12

Құжатқа қол қойылған: Садуақасова М. М., 22.03.2026
3313-25-3-1/2267
Сот отырысының хаттамасы 26.03.2026, Гульга Сатуакасова М. М. 06.05.2026

наурыздағы сот отырысында жауапкер бұл мән-жайды мойындап, өз міндеттемелерін орындамағанын растады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 79-бабының 2-бөлігіне сәйкес, бір тараптың өзінің талаптарын немесе қарсылықтарын негіздейтін фактілерді екінші тараптың мойындауы оны дәлелдеуден босатады, осыған байланысты жауапкердің міндеттемені орындамағанын мойындауы дәлелдеуді қажет етпейді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 349-бабына сәйкес, міндеттемені орындамау не тиісті дәрежеде орындамау оның бұзылуы болып табылады. Іс материалдары бойынша жауапкердің шарт талаптарын орындамағаны анықталған, бұл Азаматтық кодекстің 401-бабының 2-бөлігіне сәйкес талап қоюшы шарт жасасу кезінде күткен нәтижеден айырылғанын білдіреді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы №5 нормативтік қаулысының 5-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу шарттары бойынша міндеттемелерді орындамаған өнім берушілерге қатысты оларды жосықсыз деп тану туралы талаптарды қарау кезінде сот өнім берушінің кінәсін және тапсырыс беруші үшін туындаған теріс салдарды бағалауға тиіс.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 8-бабының 4-тармағына сәйкес, өздерімен жасалған шарттар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі және тапсырыс беруші оларды жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті, ал осы баптың 5-тармағына сәйкес мұндай тізілім заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Осы іс бойынша шарттың қолданылу мерзімі 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған, талап қоюшы заңда белгіленген мерзімде, атап айтқанда 2025 жылғы 26 желтоқсанда сотқа жүгінген.

Жоғарыда баяндалған мән-жайларды, сондай-ақ жауапкердің шарттық міндеттемелерін орындамағанын ескере отырып, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы негізді және қанағаттандыруға жатады деген қорытындыға келеді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 298-бабына сәйкес, міндеттемені бұзғаны үшін борышқор жауапқа тартылатын жағдайда айып (тұрақсыздық айыбы) өндіріп алынады.

Шарттың талаптарына сәйкес, тауарды жеткізу мерзімін бузған жағдайда өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарт сомасының 0,1 пайызы мөлшерінде тұрақсыздық айыбы өндіріп алынады. Талап қоюшы тұрақсыздық айыбын есептеп, оның мөлшерін 6 000 (алты мың) теңге деп көрсеткен, бұл есеп сотпен тексеріліп, дұрыс деп танылды.

Құжатқа қол қойылған: Садуақасова М.М., 22.03.2026
Заңды күшінде алынған КМЭ 29.04.2026, Сулия Садуақасова М.М. 05.05.2026
3313-25-3-1/2267

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 349-бабына сәйкес, міндеттеменің бұзылуы анықталған жағдайда борышқор жауапкершілікке тартылады, ал жауапкер тарапынан жауапкершіліктен босататын мән-жайлар дәлелденбеген.

Осыған байланысты, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою да толық көлемде қанағаттандыруға жатады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 117-бабының 1-бөлігіне сәйкес, мемлекеттік баж сомасы жауапкерден мемлекет кірісіне өндіріп алынуға жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223, 226, 117-бабтарының талаптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Жетісу облысының төтенше жағдайлар департаменті мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Есенова» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Есенова» жеке кәсіпкерінен республикалық бюджет кірісіне 6 000 (алты мың) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

«Есенова» жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне 2 146 (екі мың жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге риза болмаған жағдайда тараптар шағым немесе прокурор апелляциялық қайта қарау туралы талап-тілегі Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Жетісу облыстық сотының азаматтық істер бойынша сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде берілуі. ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья Садуакасова М.М.

Көшірмесі дұрыс

Судья Садуакасова М.М.

Анықтама

Шешім түпкілікті нысанда 2026 жылы«___» _____дайындалды

Судья Садуакасова М.М.

Анықтама

Шешім күшіне енді «28» сәуір 2026 жылы енді

Судья Садуакасова М.М.

Құжатқа қол қойылған: Садуакасова М.М., 22.03.2026

Заңды күшінде болмаған нұсқа 28.04.2026, сотты Галиакбарова М.М. 05.05.2026

3313-25-3-1/2267